

**С**портпен айналысқан адамның денсаулығы мықты әрі шыдамды болады. Ата-бабамыз «Тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Ал спорттың қай түрімен шұғылдану адамның қабілетіне байланысты.

## ӘСКЕРИ ЭСТАФЕТА ӨТТІ



М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің әскери кафедрасындағы оқу-тәрбие жұмыстарының басты міндеттерінің бірі – студенттердің ой өрісін дамыту, сабақ үлгеріміне қажетті жағдай тудыру, денсаулығын сақтап, денесін шынықтыру.

Әскери кафедрада жылдық жоспарға сәйкес профессор оқытушылар құрамы мен студенттер арасында Отан қорғаушылар және Жеңіс күніне орай әскерилендірілген эстафета өтті. Әскери-патриоттық жастар ойынын өткізудің мақсаты – әскери қызметті насихаттау, ҚР Қарулы Күштерінің имиджін арттыру.

Іс-шараға тәжік-ауған қақтығысының ардагерлері, әскери кафедра бастығы полковник Жақып Кенжебаев, әскери кафедра бастығының орынбасары, запастағы подполковник А.Урустамбеков және ауған соғысының ардагері, әскери кафедра оқытушысы, запастағы подполковник Қ.Раимбердиев қатысып, студенттерге лебіздерін білдірді, сәттілік тіледі. Пандемияға байланысты спорттық іс-шара барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып «Буревестник» спорт кешенінің ашық алаңында өткізілді.

Әскерилендірілген эстафета 4 кезеңнен тұрды. Атап айтқанда, 1-кезең – АК-74 Калашников автоматы оқу қаруынан №12 нормативті орындау және 20 метрге жылдамдықпен жүгіру, 2-кезең – қол гранатасы мен №1 нормативті орындау және 10 метрге жылдамдықпен жүгіру; 3-кезең – жеке қорғаныс құралын кию, 4-кезең – АК-74 Калашников автоматы оқу қаруынан №13 нормативті орындау.

Іс-шараның қорытындысымен I орынды 203 оқу взводының «Құрлық қырандары» тобы алса, II орынға әскери кафедраның профессор-оқытушы құрамынан құрылған «Ардагер» тобы, III орынға 491 оқу взводының «Барлаушы» тобы ие болды. Жеңімпаз топтарға грамоталар мен дипломдар салтанатты түрде тапсырылды.

– Біздің студенттер – болашақ Отан қорғаушылар, егеменді еліміздің білікті офицерлері болатынына нық сенімдімін, – деді Әскери кафедра бастығы, полковник Ж.Кенжебаев.

Айта кетсек, әскери кафедрасы студенттері «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынында граната лақтыру, күштік жаттығулар, әскери-патриоттық видеофильм, «Менің роботым» және басқа да сайыстарда жоғары орындар иеленген.

**Қайрат ҚҰРМАНӘЛІ,**  
М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, запастағы аға лейтенант